

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 24 маусымдағы № 326-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

152-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Мемлекеттік жер кадастрының картографиялық негізін қалыптастыру үшін мемлекеттік есептеу жүйесі пайдаланылады."

2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

144-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5-4) тармақшамен толықтырылсын:

"5-4) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті лауазымды адамының Қазақстан Республикасының цифрландыру саласындағы заңнамасының аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптарының бұзылуын анықтау туралы баянаты;"

3. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:

1) 22-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы "өнеркәсіптік қауіпсіздік" деген сөздерден кейін ", киберқауіпсіздік" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 23-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

"25-1) жұмыскерлерді жұмыс берушінің киберқауіпсіздік талаптарын сақтау жөніндегі актілерінің талаптарымен таныстыруға және олардың орындалуына ішкі бақылауды жүзеге асыруға;"

4. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне:

1) 4-баптың 1-тармағының 14-2), 34-1) және 37-1) тармақшалары алып тасталсын;

2) 5-баптың 1-тармағының бесінші абзацы алып тасталсын.

5. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

16-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) мемлекеттік қайырымдылық платформасын әзірлеуді, оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуді, деректерін талдау мен өңдеуді, өзге де цифрлық объектілермен

интеграциялауды, сондай-ақ мемлекеттік қайырымдылық платформасын дамыту жөніндегі жобаларды басқаруды;";

6) тармақша "әлеуметтік-еңбек саласындағы" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ мемлекеттік қайырымдылық платформасын пайдалану мәселелері бойынша" деген сөздермен толықтырылсын.

6. 2025 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 9-баптың 2-тармағының сегізінші бөлігі мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасында белгіленген, Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін төлемақы;";

2) 23-баптың 4-тармағы "аударымдары" деген сөзден кейін ",Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін төлемақы" деген сөздермен толықтырылсын.

7. "Жедел іздестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйелерде" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйелерде" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

8-3) және 8-4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8-3) пилотсыз көлік жүйесі – пилотсыз көлік құралын және оны қауіпсіз әрі тиімді пайдалану үшін қажетті пилотсыз көлік құралымен байланысты элементтерді (байланыс арналарын және пилотсыз көлік құралын басқаратын құрауыштарды қоса алғанда) қамтитын көлік жүйесі;

8-4) пилотсыз көлік құралдарын пайдалану аймағы – шегінде пилотсыз көлік құралдары пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының аумағындағы белгіленген мөлшердегі жерүсті кеңістігінің бір бөлігі (жеңіл рельсті көлік эстакадасы);";

мынадай мазмұндағы 8-5), 8-6), 8-7) және 8-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-5) пилотсыз көлік құралы – автоматтандырылған техникалық басқару құралдарымен жарақтандырылған, жеке адамның қатысуынсыз пайдаланылатын көлік құралы (пилотсыз авиациялық жүйені қоспағанда);

8-6) пилотсыз көлік құралының қашықтағы операторы – пилотсыз көлік құралы қозғалысының кез келген кезеңінде оны басқаруды қабылдауға құқылы жеке адам;

8-7) тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесі – навигациялық спутниктік жүйелердің технологиялары мен навигациялық пломба негізінде жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенді қамтитын цифрлық жүйе;

8-8) тасымалдарды қадағалаудың цифрлық жүйесінің ұлттық операторы – навигациялық пломбаларды пайдаланып, тасымалдарды қадағалауды қамтамасыз ететін заңды тұлға;"

2) мынадай мазмұндағы 16-1-баппен толықтырылсын:

"16-1-бап. Пилотсыз көлік құралдары

Пилотсыз көлік құралдары пилотсыз көлік құралдарын пайдалану аймақтарында пайдаланылады.

Пилотсыз көлік құралдарын пайдалану үшін пилотсыз көлік жүйесі енгізіледі.

Пилотсыз көлік құралдары түрлеріне қарай уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген талаптарға сәйкес келген жағдайда оларды пилотсыз көлік құралының қашықтағы операторы басқарады.

Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде пилотсыз көлік құралдарының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі және цифрландыру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша уәкілетті орган бекітеді.";

3) 23-баптың тоғызыншы бөлігі "Метрополитеннің" деген сөзден кейін ", жеңіл рельсті көліктің" деген сөздермен толықтырылсын.

9. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "электрондық үкімет", "ақпараттандыру объектілері", "электрондық үкіметтің" деген сөздер тиісінше "цифрлық үкімет", "цифрландыру объектілері", "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы";

2) бүкіл мәтін бойынша "шетелдіктер", "шетелдіктердің", "шетелдіктерді", "шетелдіктерден", "Шетелдіктердің", "Шетелдіктің", "шетелдікке", "Шетелдік", "шетелдікті" деген сөздер тиісінше "шетел азаматтары", "шетел азаматтарының", "шетел азаматтарын", "шетел азаматтарынан", "Шетел азаматтарының", "Шетел азаматының", "шетел азаматына", "Шетел азаматы", "шетел азаматын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды сәйкестендіру және (немесе) аутентификациялау

Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасына сәйкес міндетті түрде сәйкестендірілуге және (немесе) аутентификациялануға тиіс."

11. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-1-баптың 3) тармақшасындағы "киберқауіпсіздік саласындағы" деген сөздер алып тасталсын;

2) 2-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

"4-2) аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде цифрландыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;"

3) 12-бап мынадай мазмұндағы 8-2), 8-3) және 22-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-2) аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде цифрландыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

8-3) Қазақстан Республикасының цифрландыру саласындағы заңнамасының аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігіндегі талаптарының бұзылуы анықталған кезде нұсқама беруге, оны орындау үшін жіберуге;"

"22-2) Ұлттық бейнемониторинг жүйесіне қатысушылардың өзара іс-қимылын үйлестіруге;"

4) 23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ұлттық қауіпсіздік органдарын қаржыландыру, материалдық-техникалық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету:

1) бюджет қаражаты есебінен;

2) медициналық көмек көрсеткені үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан алынған қаражат есебінен;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін төлемақыдан жүзеге асырылады."

12. "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 25) тармақшасы алып тасталсын.

13. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 9) тармақшасындағы "электрондық дерекқоры" деген сөздер "цифрлық дерекқоры" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 19-баптың 4-тармағындағы "электрондық есепке алуды" деген сөздер "цифрлық есепке алуды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 24-баптың 2-тармағы үшінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерден" деген сөздер "цифрлық жүйелерден" деген сөздермен ауыстырылсын.

14. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына

:

бүкіл мәтін бойынша "электрондық тізілімі", "ақпараттық жүйеде", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйенің", "электрондық тізілімін", "ақпараттық жүйеге", "ақпараттық жүйені" деген сөздер тиісінше "цифрлық тізілімі", "цифрлық жүйеде", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйенің", "цифрлық тізілімін", "цифрлық жүйеге", "цифрлық жүйені" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

27-баптың 1-тармағында:

10) тармақшадағы "күтіп ұстауды" деген сөздер ""күтіп-ұстауды, соның ішінде автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жол активтерінің цифрлық платформасын толықтыруды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 53) тармақшамен толықтырылсын:

"53) мемлекеттің цифрлық архитектурасына және цифрландыру саласындағы уәкілетті орган бекітетін "смарт-қалалар" мен "смарт-өңірлер" құру жөніндегі әдістемеге сәйкес смарт-қалалар мен смарт-өңірлерді дамытуды қамтамасыз етеді."

16. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "шетелдіктер", "Шетелдіктер" деген сөздер тиісінше "шетел азаматтары", "Шетел азаматтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-тарау мынадай мазмұндағы 7-2-баппен толықтырылсын:

"7-2-бап. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін төлемақыдан түсетін қаражатты нысаналы пайдалану

1. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін төлемақы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдеу кезінде жүзеге асыратын төлемақыны білдіреді.

2. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін төлемақыдан түсетін қаражат ішкі және келу туризмін дамытуға арналған бөлігінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформаның операторына жіберіледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген қаражат Қазақстан Республикасының туристік өнімін ішкі және сыртқы нарықтарда ілгерілетуді қоса алғанда, ішкі және келу туризмін дамытуға пайдаланылады.

4. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін төлемақыдан түскен қаражаттың түсу, бөліну, мониторингі, есептілігі және пайдаланылу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды."

17. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-3), 1-4) және 12-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-3) автомобиль жолдарын жөндеуді жоспарлаудың цифрлық жүйесі – автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның автомобиль жолдарын күтіп-ұстау мен жөндеуді қаржыландыру үшін көліктік-пайдаланудың жай-күйі туралы ақпаратты қамтитын цифрлық жүйесі;

1-4) автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған техникалық құжаттама – ақаулар мен жұмыс көлемінің ведомосы негізінде әзірленген, техникалық тапсырманы, сызбалар мен сметалық құжаттаманы қамтитын, қабылданған техникалық шешімдер сипатталған, автомобиль жолдарын орташа жөндеуге арналған құжаттар жиынтығы;"

"12-1) ведомстволық сараптама – автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бастапқы деректер мен таңдалған шешімдердің негізділігін анықтау үшін тапсырыс берушінің өтініші бойынша жүргізілетін, автомобиль жолдарын орташа жөндеу объектілері бойынша техникалық құжаттаманы кешенді бағалау;"

13-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13-2) жол активтерін басқару – бюджет шығыстарын тиімді жоспарлауға бағытталған, автомобиль жолдарын жөндеуді жоспарлаудың цифрлық жүйесін пайдалана отырып, жол активтерін диагностикалау және аспаптық зерттеп-қарау, автомобиль жолдарын паспорттау, сондай-ақ жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін мониторингтеу жөніндегі қызмет;"

13-3) тармақшада:

"халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру жөніндегі функциялар," деген сөздер алып тасталсын;

"қолдау" деген сөзден кейін ", өз қызметі шеңберінде цифрлық объектілерді құру және олардың жұмыс істеуі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-4) тармақшамен толықтырылсын:

"13-4) жол активтерінің цифрлық платформасы – жол активтері объектілерін күтіп-ұстау және олардың қолжетімділігі ескеріле отырып, осы объектілер туралы, жүргізілген, жүргізіліп жатқан және жоспарланып отырған құрылыс-монтаждау және жөндеу жұмыстарының жай-күйі мен сапасы туралы цифрлық деректерді қамтитын жалпыға қолжетімді цифрлық объект;"

15-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

"23) орташа жөндеу жүргізудің цифрлық жүйесі – автомобиль жолдарын орташа жөндеудің салынып жатқан объектілерінің атқарушылық құжаттамасын жүргізуге және оларды бақылауға байланысты операцияларды цифрландыруға арналған цифрлық жүйе .";

2) 5-бапта:

2-тармақтағы "көлік" деген сөз "автомобиль көлігі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ұлттық оператор автомобиль жолының ақылы учаскесінде (аймағында) жөндеуді талап ететін автомобиль жолы жабынының ақауын анықтаған кезде, ол бойынша жүріп өткені үшін төлемақы республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолымен (учаскесімен) жүріп өткені үшін төлемақы алу қағидаларына сәйкес ақауды жою кезеңіне барабар төмендетілуге тиіс.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен және 4) тармақшасындағы "көрсетуге байланысты шығыстарды қаржыландыруға бағытталады." деген сөздер "көрсетуге;" деген сөзбен ауыстырылып, 5) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салуға, жөндеуге және реконструкциялауға алынған қарыздарды қайтаруға;"

"5) халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салуға, реконструкциялауға, жөндеуге, сондай-ақ күтіп-ұстауға байланысты шығыстарды қаржыландыруға бағытталады.";

3) 12-баптың 2-тармағында:

14-1) тармақшадағы "жалпыға ортақ пайдаланылатын" деген сөздер алып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 27-1) және 27-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"27-1) жол бойындағы сервис объектілерін дамыту жоспарын бекіту;

27-2) бюджет қаражаты тартылмай бой көтеретін жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша конкурстар өткізу қағидаларын бекіту;"

42) тармақшадағы "жол дерекқорын" деген сөздер "автомобиль жолдарын жөндеуді жоспарлаудың цифрлық жүйесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 45), 46), 47), 48) және 49) тармақшалармен толықтырылсын:

"45) диагностикалау және аспаптық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша автомобиль жолдарын салуды, реконструкциялау мен жөндеуді қаржыландыру үшін жобаларды жоспарлау және іріктеу қағидаларын бекіту;

46) автомобиль жолдарын паспорттау қағидаларын бекіту;

47) жол активтерінің цифрлық платформасының жұмыс істеуі, оны толықтыру және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

48) орташа жөндеу жүргізудің цифрлық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету қағидаларын бекіту;

49) автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу кезінде объектіні пайдалануға қабылдау қағидаларын бекіту жатады.";

4) 13-бапта:

1-1-тармақтың бірінші бөлігінде:

5-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1) автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган ұйымдастырған сараптамада қамтылмаған облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдары мен елді мекендер көшелерінің жұмыстары мен материалдарының сапасына Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының сараптама жүргізуін ұйымдастыру;"

мынадай мазмұндағы 6-14), 6-15) және 6-16) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-14) жол активтерінің цифрлық платформасының жұмыс істеуі, оны толықтыру және пайдалану қағидаларына сәйкес жол активтерінің цифрлық платформасын толықтыруды қамтамасыз ету;

6-15) автомобиль жолдарын диагностикалау және паспорттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

6-16) орташа жөндеу жүргізудің цифрлық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес орташа жөндеу жүргізудің цифрлық жүйесін толықтыруды қамтамасыз ету;"

2-тармақ мынадай мазмұндағы 2-3), 2-4) және 4-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-3) жол активтерінің цифрлық платформасының жұмыс істеуі, оны толықтыру және пайдалану қағидаларына сәйкес жол активтерінің цифрлық платформасын толықтыруды қамтамасыз ету;

2-4) орташа жөндеу жүргізудің цифрлық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес орташа жөндеу жүргізудің цифрлық жүйесін толықтыруды қамтамасыз ету;"

"4-1) автомобиль жолдарын диагностикалау және паспорттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;"

5) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Автомобиль жолдарын жөндеуді жоспарлау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол активтерін диагностикалау және аспаптық зерттеп-қарау нәтижелері негізінде жүргізіледі.";

6) 15-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігінде:

"және ағымдағы" деген сөздер алып тасталсын;

"Автомобиль жолдарын ағымдағы және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстардан басқа, аяқталған жол жұмыстарын пайдалануға қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады." деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстардан басқа, аяқталған жол жұмыстарын пайдалануға қабылдау Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы және автомобиль жолдары саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу бойынша аяқталған жол жұмыстарын пайдалануға қабылдау автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарды қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.";

7) 19-2-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль жолдарын салғанда және реконструкциялағанда қолданылуы бойынша Қазақстан Республикасында белгіленген ұлттық және (немесе) мемлекетаралық стандарттар жасалмаған жаңа технологиялар мен материалдарды пайдалануға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аккредиттелген жол қызметі саласындағы ғылыми-зерттеу ұйымдарының сараптамалық қорытындысы негізінде рұқсат беріледі.";

8) 30-бапта:

2) тармақша "инвестициялар" деген сөзден кейін ", сондай-ақ "толық бітіріп берілетін" құрылыс шартымен жасалатын жобалар" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-4) және 9-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-4) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жұмылдыру дайындығын ұйымдастыру;

9-5) жол активтерінің цифрлық платформасының жұмыс істеуі, оны толықтыру және пайдалану қағидаларына сәйкес халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдары бойынша жол активтерінің цифрлық платформасын толықтыруды қамтамасыз ету;"

18. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 44-1) тармақшамен толықтырылсын:

"44-1) пилотсыз теміржол көлігі құралы – автоматтандырылған техникалық басқару құралдарымен жарақтандырылған, жеке адамның қатысуынсыз пайдаланылатын теміржол көлігі құралы;"

2) 40-баптың 1-тармағы 33-2) тармақшасындағы "жуу шарттары мен тәртібін;" деген сөздер "жуу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 33-3) тармақшамен толықтырылсын:

"3-3) пилотсыз теміржол көлігі құралдарымен тасымалдау шарттары мен тәртібін;"

3) 66-бап мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау кезінде пилотсыз теміржол көлігі құралдарын пайдалану тәртібі;"

19. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

7-баптың 4-тармағының екінші бөлігі "ақпараттық қауіпсіздігін" деген сөздерден кейін ", оның ішінде киберқауіпсіздігін" деген сөздермен толықтырылсын.

20. "Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "электрондық ақпараттық ресурстар", "Электрондық ақпараттық ресурстар", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйелерінде" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстар", "Цифрлық ресурстар", "цифрлық жүйесі" "цифрлық жүйелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. "Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "электрондық ақпараттық ресурстар", "Электрондық ақпараттық ресурстар", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйелерінде" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстар", "Цифрлық ресурстар", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

16-баптың 1-тармағының 2-жолы мынадай мазмұндағы сегізінші бағанмен толықтырылсын:

"

2.	3) озық әуе мобильділігіне жіберілген әуе кемелері	135
----	--	-----

".

23. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

23-3), 23-4), 23-5) және 23-6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"23-3) пилотсыз автокөлік құралы – автоматтандырылған техникалық басқару құралдарымен жарақтандырылған, жүргізушісіз пайдаланылатын автокөлік құралы;

23-4) рұқсат етілген ең жоғары масса – жасаушы кәсіпорын ең жоғары рұқсат етілетін ретінде белгілеген, жарақталған автокөлік құралының жүкпен, жүргізушімен және жолаушылармен бірге массасы. Автокөлік құралдары құрамының, яғни тіркелген және біртұтас ретінде қозғалатын құрамының рұқсат етілген ең жоғары массасы деп құрамына кіретін автокөлік құралдарының рұқсат етілген ең жоғары массаларының қосындысы қабылданады;

23-5) сервис орталығы (шеберхана) – тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

23-6) сертификаттау орталығы – 1970 жылғы Халықаралық автомобиль тасымалын жүргізетін автокөлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропалық келісім (ЕСТР) ережелеріне сәйкес электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды цифрлық сертификаттауды жүзеге асыратын заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 23-7) тармақшамен толықтырылсын:

"23-7) спутниктік навигация аппаратурасы – автокөлік құралына жаһандық навигациялық спутниктік жүйелердің сигналдары арқылы оның ағымдағы орналасқан жерін, жүру бағыты мен жылдамдығын айқындау, қосымша борт жабдығымен деректер алмасу үшін, сондай-ақ жылжымалы радиотелефон байланысы желілері арқылы ақпарат алмасу үшін орнатылатын аппараттық-бағдарламалық құрылғы;"

2) 19-12-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Автомобиль жолдарында пилотсыз автокөлік құралдарын пайдалану және пилотсыз автокөлік құралдарының жол жүрісін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.";

3) 19-18-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Автокөлік құралының автоматтандырылған өлшеу станциясы арқылы жүріп өтуі автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес автоматтандырылған өлшеу станциясы арқылы жүріп өту тәртібі сақтала отырып жүзеге асырылуға тиіс.";

4) 29-бап 14) тармақшасындағы "талаптар айқындалады." деген сөздер "талаптар;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде пилотсыз автокөлік құралдарын пайдалану тәртібі айқындалады.";

5) 41-бап 15) тармақшасындағы "талаптарды айқындайды." деген сөздер " талаптарды;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) жүктерді автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде пилотсыз автокөлік құралдарын пайдалану тәртібін айқындайды.".

24. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 45) тармақшасындағы "электрондық үкіметтің" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторының", "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына", сөздер тиісінше "цифрлық үкіметтің" операторының", "цифрлық үкіметтің" операторына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) абоненттер туралы қызметтік ақпарат (бұдан әрі – қызметтік ақпарат) – байланыс желілерінде қалыптастырылатын, өңделетін немесе сақталатын және осы

Заңда көзделген мақсаттарға арналған, абоненттер және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушылар туралы мәліметтер;"

40-1) тармақшадағы "акционерлік қоғам" деген сөздер "заңды тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 41-1) тармақшамен толықтырылсын:

"41-1) онлайн-платформа контентінің кәштейтін сервері – байланыс операторының телекоммуникация желілеріне қосылған сервер, онда онлайн-платформа контенті байланыс операторы абоненттерінің оған жылдам қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін сақталады;"

3) 9-2-бапта:

тақырыптағы "Киберқауіпсіздікті" деген сөз "Байланыс желілерінде киберқауіпсіздікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

"киберқауіпсіздікті" деген сөз "байланыс желілерінде киберқауіпсіздікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "қолдап отыруды жүзеге асырады." деген сөздер "сүйемелдеуді;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) байланыс операторларының байланыс желілерін Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесіне қосу үшін порт сыйымдылығын жалға беруді жүзеге асырады.";

4) мынадай мазмұндағы 23-1-баппен толықтырылсын:

"23-1-бап. Байланыс желілерінің абоненттері туралы қызметтік ақпарат

1. Қызметтік ақпаратқа мыналар жатады:

абоненттік нөмірлер туралы мәліметтер;

абоненттік құрылғылардың сәйкестендіру кодтары туралы мәліметтер;

абоненттің жеке сәйкестендіру нөмірі не бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

биллингтік мәліметтер;

абоненттік құрылғының байланыс желісіндегі орналасқан жері туралы мәліметтер;

деректерді беру желісіндегі мекенжайлар;

қаралған интернет-ресурстардың мекенжайлары;

интернет-ресурстардың сәйкестендіргіштері;

деректерді беру желісінің хаттамалары;

байланыс қызметтерін көрсетуге және деректерді беруге байланысты өзге де техникалық мәліметтер.

2. Қызметтік ақпарат:

1) қарсы барлау қызметінің міндеттерін шешу және байланыс желілерінде жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу үшін;

2) байланыс желілерінде құқық бұзушылық белгілерін техникалық анықтау мақсатында пайдаланылады.

3. Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасы 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін пилоттық жобаны іске асыру мақсатында ғана қолданылады.

Пилоттық жобаны іске асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайды.";

5) 25-бап мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Байланыс операторлары Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу тәртібінің сақталуын ескере отырып, өздерінің телекоммуникация желілеріне онлайн-платформалар контентінің кэштейтін серверлерін қосады.";

6) 26-бап мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Ұялы байланыс операторлары өз қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті байланыс желілері мен арналарын беруге және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайтын тәртіппен өздерінің ұялы байланыс желілерінің Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесіне қосылуын қамтамасыз етуге міндетті.";

7) 39-2-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының аумағында шетел азаматына немесе азаматтығы жоқ адамға байланыс қызметтерін көрсету байланыс қызметтерін көрсету қағидаларына, сондай-ақ ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын верификациялау, тіркеу және қайта тіркеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады".

26. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық қауіпсіздікті", "ақпараттық қауіпсіздіктің", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық жүйесінің", "энергетикасын ақпараттандыру объектілеріне", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым", "ақпараттық жүйелерге", "ақпараттық жүйесімен" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "киберқауіпсіздікті", "киберқауіпсіздіктің", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесін", "цифрлық жүйесінің", "энергетикасының цифрлық объектілеріне", "цифрлық инфрақұрылым", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық жүйесімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

27. "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйелерінен", "электрондық үкімет", "ақпараттық жүйеге", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық

жүйелерінде" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық үкімет", "цифрлық жүйеге", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. "Ойын бизнесі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы "электрондық" деген сөз "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 4-тармағындағы "электрондық" деген сөз "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 12-1-баптың 4-тармағындағы "ақпараттық жүйелерімен" деген сөздер "цифрлық жүйелерімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

29. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "шетелдіктер", "шетелдіктің", "Шетелдіктер" деген сөздер тиісінше "шетел азаматтары", "шетел азаматының", "Шетел азаматтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) е-резиденттің жеке сәйкестендіру нөмірі – уәкілетті мемлекеттік органның цифрлық объектісінде шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адам үшін электрондық резидент белгісімен қалыптастырылатын бірегей нөмір;"

"11) электрондық резидент (бұдан әрі – е-резидент) – Қазақстан Республикасының аумағына келмей, цифрлық объектіні пайдалану арқылы жеке сәйкестендіру нөмірін алған шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның мәртебесі;

12) электрондық резиденттіктің е-резидент бағдарламасы – шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға электрондық резиденттің ерекше мәртебесін беру арқылы оларды тартуға бағытталған, Қазақстан Республикасының аумағына келмей, қашықтан қаржылық, банктік, коммуникациялық және ілеспе қызметтерді алуға мүмкіндік беретін бағдарлама.";

3-тармақ 2) тармақшасындағы "үшін ресми қысқарту болып танылады." деген сөздер "үшін;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) е-резиденттің ЖСН-і – е-резиденттің жеке сәйкестендіру нөмірі үшін ресми қысқарту болып танылады.";

3) 3-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Е-резиденттің жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру кезінде көшіп келушілердің эталондық дерекқоры пайдаланылып, оның сәйкестендіру деректері тексеріледі, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың цифрлық

профилін қалыптастыру үшін көшіп келушілердің эталондық дерекқорына мәліметтер беріледі.";

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Е-резиденттің жеке сәйкестендіру нөмірі осы баптың 4-тармағының 3), 4), 5), 6), 7), 13) және 15) тармақшаларында көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыру кезінде қолданылады.";

4) 9-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) е-резиденттер үшін тіркеу куәлігі;"

6-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар е-резидент мәртебесін алған жағдайда, олардың жеке басын сәйкестендіру биометриялық сәйкестендіруі бар цифрлық объектілерді пайдалану арқылы жүргізіледі.

Осы Заңға сәйкес е-резиденттің жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру жүзеге асырылады."

30. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) авиациялық техниканы әзірлеушінің және дайындаушының сертификаты – авиациялық техниканы әзірлеуші мен дайындаушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген белгіленген үлгідегі құжат;"

54) тармақша "басқару органы" деген сөздерден кейін "не пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету органы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 60-2), 60-3), 60-4 және 65-2) тармақшалармен толықтырылсын :

"60-2) қалалық әуе мобильділігі – қалалардың және (немесе) оларға тікелей жақын аумақтардың үстіндегі бөлінген әуе кеңістігінде озық әуе мобильділігіне жіберілген әуе кемелерімен әуе арқылы тасымалдау қызметін жүзеге асыруға байланысты озық әуе мобильділігінің бір түрі;

60-3) қалалық әуе мобильділігін пайдаланушының сертификаты – пайдаланушының қалалық әуе мобильділігін пайдаланушыны сертификаттау, оған сертификат беру қағидаларына және оларға қойылатын сертификаттау талаптарына сәйкестігін куәландыратын, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген белгіленген үлгідегі құжат;

60-4) қалалық әуе мобильділігінің әуе кеңістігі аймағы – озық әуе мобильділігіне жіберілген әуе кемелерімен әуе арқылы тасымалдау қызметі жүзеге асырылатын,

қалалардың және (немесе) оларға тікелей жақын аумақтардың үстіндегі белгілі бір мөлшердегі әуе кеңістігі";

"65-2) озық әуе мобильділігі – озық әуе мобильділігіне жіберілген әуе кемелерімен әуе арқылы тасымалдау бойынша әуе кеңістігін қауіпсіз пайдалануға бағытталған қызмет";

66-2), 66-3), 66-4), 66-5) және 66-6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"66-2) пилотсыз авиациялық жүйелерге аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификаты – аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификаттау талаптарына сәйкестігін куәландыратын белгіленген үлгідегі құжат;

66-3) пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақ – Қазақстан Республикасы аумағының үстінде белгіленген мөлшерлердегі әуе кеңістігінің бір бөлігі, оның шегінде пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына белгілі бір шарттармен шектеу қойылады;

66-4) пилотсыз әуе кемесі – дербес жұмыс істеуге және (немесе) бортында пилотсыз қашықтан басқаруға пайдаланылатын немесе арналған әуе кемесі;

66-5) пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету – пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету органы пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына арналған әуе кеңістігі аймағында ұсынатын, пилотсыз авиациялық жүйелерді желілік сәйкестендіруді, әуе кеңістігінің шектеулері туралы және әуе қозғалысы, географиялық аймақтар мен операциялық жағдайлар туралы ақпаратты, пилотсыз авиациялық жүйелердің әуе кеңістігін пайдалануын келісуді қамтитын қызмет көрсету;

66-6) пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету органы – пилотсыз әуе кемелерінің ұшуы үшін әуе кеңістігі аймағында қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін, пилотсыз авиациялық жүйелерге аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің органы";

мынадай мазмұндағы 66-7), 66-8), 66-9), 79-1) және 79-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"66-7) рейс мәртебесінің өзгеруі – маршруттың жоспарланған бағыттан өзгеруі, рейстің кідіруі, рейс кестесінің өзгеруі, рейстің орындалмауы немесе рейстің ұшу (ұшып келу) уақытына немесе маршрутқа әсер ететін өзге де өзгеріс;

66-8) сараптамалық медициналық қорытынды – авиациялық медициналық инспектор даулы жағдайлар бойынша, қажет болған кезде авиация саласындағы басқа да мамандарды тарта отырып берген құжат;

66-9) сертификатталған әуеайлақ (тікұшақ айлағы) – пайдаланушысына әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификаты берілген әуеайлақ (тікұшақ айлағы);

"79-1) ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық авиация жүйелерін пайдаланушының сертификаты – ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық авиация жүйелерін пайдаланушыға азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген, ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық авиация жүйелерін

пайдаланушыны сертификаттау, оған сертификат беру қағидаларына және оларға қойылатын сертификаттау талаптарына пайдаланушының сәйкестігін куәландыратын белгіленген үлгідегі құжат;

79-2) ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификаты – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық авиация жүйелерін пайдаланушыға берген белгіленген үлгідегі құжат, ол ұшырылуы қашықтан басқарылатын авиациялық жүйенің тұтастай жүйе ретінде өзінің тип конструкциясына сәйкес келетініне және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін күйде екеніне кепілдік беру мақсатында ұшуды орындауға жарамдылық мәртебесін растайтын ақпаратты қамтиды;"

2) 6-бапта:

3-тармақта:

3) тармақша "іс-шараларын" деген сөзден кейін ", көрсету және оқу-жаттығу мақсатындағы ұшуды" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Қазіргі заманғы жоғары деңгейде автоматтандырылған, пилот басқаратын және пилотсыз әуе кемелерін пайдаланатын, озық әуе мобильділігі шеңберінде ұшуды орындайтын, жаңа инфрақұрылымды және әуе қозғалысына қызмет көрсету тәсілдерін талап ететін азаматтық авиация озық әуе мобильділігі авиациясы деп танылады.";

4-тармақ "саласында" деген сөзден кейін "авиациялық техниканы әзірлеу және дайындау мақсатында" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 10-2-бап 18) тармақшасындағы "қамтамасыз ету жатады." деген сөздер "қамтамасыз ету;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

"19) авиациялық техниканы әзірлеу және дайындау жатады.";

4) 14-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 4-1) және 5-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) озық әуе мобильділігі қағидаларын бекітеді;"

"5-3) пилотсыз әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;"

41-38) тармақша "қағидаларын," деген сөзден кейін "және әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушыға қойылатын сертификаттау талаптарын" деген сөздермен толықтырылсын;

41-72) тармақша "әуе кеңістігінде" деген сөздерден кейін "азаматтық" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 41-81), 41-82 және 41-83) тармақшалармен толықтырылсын:

"41-81) авиациялық техниканы әзірлеуші және дайындаушы ұйымдарды сертификаттау қағидаларын бекітеді;

41-82) ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық авиация жүйелерін пайдаланушыны сертификаттау, оған сертификат беру қағидаларын және оларға қойылатын сертификаттау талаптарын бекітеді;

41-83) қалалық әуе мобильділігін пайдаланушыны сертификаттау, оған сертификат беру қағидаларын және оларға қойылатын сертификаттау талаптарын бекітеді;"

5) 16-9-баптың 2-тармағында:

6) тармақша "авиациясының" деген сөзден кейін "азаматтық" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, азаматтық пилотсыз авиациялық жүйені есепке қою туралы куәлікті береді, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімін ұзартуды, оларға өзгерістер енгізуді, көрсетілген куәліктердің қолданылуын тоқтата тұруды немесе оларды кері қайтарып алуды жүзеге асырады;

6-2) әуе кемесін Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінен шығару туралы куәлікті, сондай-ақ пилотсыз авиациялық жүйені Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының азаматтық пилотсыз авиациялық жүйелерінің тізілімінен шығару туралы куәлікті береді;"

9) тармақшада:

"пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдаланушы сертификатын," деген сөздер "ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық авиация жүйелерін пайдаланушы сертификатын, қалалық әуе мобильділігін пайдаланушы сертификатын," деген сөздермен ауыстырылсын;

"авиациялық оқу орталығының сертификатын," деген сөздерден кейін "авиациялық техниканы әзірлеу және дайындау жөніндегі ұйымның сертификатын," деген сөздермен толықтырылсын;

"пилотсыз авиациялық жүйелердің ұшуға жарамдылығы сертификатын," деген сөздер "ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы сертификатын," деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы "пилотсыз" деген сөз "азаматтық пилотсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақша "әуе кемелерін пайдаланушылардың," деген сөздерден кейін "ұшырылуы қашықтан басқарылатын авиациялық жүйелерді пайдаланушылардың, қалалық әуе мобильділігін пайдаланушылардың, авиациялық техниканы әзірлеу және дайындау жөніндегі ұйымдардың," деген сөздермен толықтырылсын;

30-1) және 30-2) тармақшалардағы "пилотсыз" деген сөз "азаматтық пилотсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 17-бапта:

2-тармақ 3) тармақшасындағы "бойынша жүзеге асырады." деген сөздер "бойынша;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына арналған әуе кеңістігі аймағындағы пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары (болған жағдайда) немесе әуе қозғалысын басқару органдары жүзеге асырады.";

3-тармақтағы "және әуе қозғалысын басқару органдары" деген сөздер ", әуе қозғалысын басқару органдары және пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына арналған әуе кеңістігі аймақтарында пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы болып табылатын пилотсыз авиациялық жүйелерге аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші жүзеге асыруы мүмкін.

Шетелдік заңды тұлғалардың, шетелдік заңды тұлғалар филиалдары мен өкілдіктерінің, шетелдік қатысуы бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсетуіне жол берілмейді.";

7) 19-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі "пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақтар" деген сөздерден кейін ", қалалық әуе мобильділігінің әуе кеңістігі аймақтары" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 20-баптың 2-тармағының 5-1) тармақшасындағы "жеңіл және" деген сөздер " қалалық әуе мобильділігінің әуе кеңістігі аймағында және (немесе) пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына арналған әуе кеңістігі аймағында ұшуды орындайтын азаматтық пилотсыз авиациялық жүйелерді қоспағанда, жеңіл және" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 22-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету түрлері:

1) пилотсыз авиациялық жүйені желілік сәйкестендіру, ол ұшуды қауіпсіз орындауды қамтамасыз ету және әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бақылау үшін бүкіл ұшу барысында пилотсыз авиациялық жүйелерді қашықтан сәйкестендіру ақпаратын үздіксіз өңдеуді қамтамасыз ету және авторланған пайдаланушыларға пилотсыз әуе кемелерін қашықтан сәйкестендіру деректерін қорытылған түрде беру деп түсініледі;

2) пилотсыз әуе кемелерінің ұшуы үшін әуе кеңістігі аймақтарында:

әуе кеңістігінің осы аймақтар шегіндегі тұрақты шектеулері;

пилотсыз авиациялық жүйелер қолданылып орындалатын ұшуға арналған операциялық жағдайлар;

осы аймақтардың әуе кеңістігін пайдалануға қолданылатын уақытша шектеулер туралы ақпаратты беру.

Осы тармақшада көрсетілген ақпарат күтпеген және авариялық жағдайларға ден қою үшін ақпараттың жаңартылған уақыты нұсқасының нөмірімен және (немесе) нақты уақытымен бірге көрсетіле отырып, пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына арналған әуе кеңістігі аймақтарының әуе кеңістігін пайдаланушыларға уақтылы жөнелтілуге тиіс;

3) әрбір ұшуға рұқсат алу және қозғалыстың стратегиялық деңгейіндегі оқыс оқиғаларды болғызбау мақсатында пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына арналған әуе кеңістігі аймағында әуе кеңістігін пайдалануды келісу рәсімін қамтамасыз ету;

4) маршруты пилотсыз әуе кемесінің ағымдағы ұшып бара жатқан жеріне немесе ұшу маршрутына тікелей жақын маңнан өтетін әуе кемелерінің әуе қозғалысы туралы ақпаратты беру.

Ақпарат барлық сәйкестендірілетін, пилот басқаратын және (немесе) пилотсыз әуе кемелерін қамтиды және әуе кеңістігін пайдаланушыға, сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсететін немесе әуе қозғалысын басқаратын сабақтас органға беріледі және әуе кемесінің белгілі болса, ұшып бара жатқан жері, хабардың келіп түскен уақыты, сондай-ақ жылдамдығы, бағыты және авариялық мәртебесі туралы деректерді қамтиды.

Пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету органынан қозғалыс туралы ақпаратты алғаннан кейін пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдаланушылар кез келген соқтығысу қаупін болғызбау үшін тиісті әрекеттер қабылдауға міндетті.";

10) 23-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық авиация жүйелері қолданылатын ұшулар Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларына сәйкес орындалады. Ұшырылуы қашықтан басқарылатын авиациялық жүйелерді қоспағанда, пилотсыз авиациялық жүйелер қолданылатын ұшулар Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде азаматтық пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларына сәйкес орындалады.";

11) 27-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі:

"уәкілетті органдар," деген сөздерден кейін "ішкі істер органдары," деген сөздермен толықтырылсын;

"басқару органдары" деген сөздерден кейін ", пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 33-бапта:

тақырыптағы "Пилотсыз" деген сөз "Азаматтық пилотсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

"Пилотсыз әуе кемесі" деген сөздер "Азаматтық пилотсыз авиациялық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

"пилотсыз авиациялық жүйелерді" деген сөздер "азаматтық пилотсыз авиациялық жүйелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

"пилотсыз әуе кемесінің" деген сөздер "пилотсыз авиациялық жүйенің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "әуе кеңістігінде" деген сөздерден кейін "азаматтық" деген сөзбен толықтырылсын;

5-тармақ:

"жұмыс істемейтін" деген сөздерден кейін "азаматтық" деген сөзбен толықтырылсын;

"әуе кеңістігінде" деген сөздерден кейін "азаматтық" деген сөзбен толықтырылсын;

6-тармақ "бұзғаны үшін" деген сөздерден кейін "азаматтық" деген сөзбен толықтырылсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Сериялы өндіріп шығаруға арналған, моделі және (немесе) конструкциясы бойынша бұрын сәйкестік сертификаты берілмеген пилотсыз авиациялық жүйенің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде азаматтық пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларына сәйкес азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген сәйкестік сертификаты болуға тиіс.";

8-тармақта:

"Пилотсыз" деген сөз "Азаматтық пилотсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

"әуе кеңістігінде" деген сөздерден кейін "азаматтық" деген сөзбен толықтырылсын;

9-тармақ:

"конструкциясы жоқ" деген сөздерден кейін "азаматтық" деген сөзбен толықтырылсын;

"әуе кеңістігінде" деген сөздерден кейін "азаматтық" деген сөзбен толықтырылсын;

"қағидаларына" деген сөзден кейін "немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидаларына" деген сөздермен толықтырылсын;

13) мынадай мазмұндағы 33-1-баппен толықтырылсын:

"33-1-бап. Пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсетуге қойылатын талаптар

1. Пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің басқару, мониторингтеу және ақпарат алмасу жүйелеріне жедел қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етіліп жүзеге асырылады.

2. Азаматтық пилотсыз авиациялық жүйелердің пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын цифрлық объектілер сеніп тапсырылған цифрлық объектілер тізілімінде болуға тиіс және олар Қазақстан Республикасының цифрландыру және киберқауіпсіздік саласындағы заңнамасына сәйкес аса маңызды цифрлық объектілерге жатады.

3. Пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету цифрлық инфрақұрылымның киберқауіпсіздігі, орнықтылығы және үздіксіз жұмыс істеуі талаптары сақталып жүзеге асырылады.

4. Пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының цифрландыру және киберқауіпсіздік саласындағы заңнамасының талаптарына сай келмейтін цифрлық объектілерді пайдалануға жол берілмейді.

5. Пилотсыз авиациялық жүйелерге аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсетуге байланысты деректерді Қазақстан Республикасының аумағында сақтауды және өңдеуді қамтамасыз етуге міндетті.";

14) 34-баптың 2-тармағының бірінші абзацы "радиотехникалық қамтамасыз ету" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ пилотсыз әуе қозғалысына қызмет көрсету" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 42-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзац "Әуе кемелері" деген сөздерден кейін ", оның ішінде пилотсыз авиациялық жүйелер" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші, үшінші және төртінші абзацтардағы "әуе кемелері" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ "әуе кемесі" деген сөздерден кейін ", оның ішінде пилотсыз авиациялық жүйенің бөлігі болып саналатын пилотсыз әуе кемесі" деген сөздермен толықтырылсын ;

3-тармақта:

бірінші бөлікте:

"әуе кемесі" деген сөздерден кейін ", оның ішінде ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық авиация жүйесінің бөлігі болып саналатын, ұшырылуы қашықтан басқарылатын әуе кемесі" деген сөздермен толықтырылсын;

"азаматтық әуе кемесі" деген сөздер ", сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының азаматтық пилотсыз авиациялық жүйелерінің тізілімінде есепте тұрған, азаматтық пилотсыз авиациялық жүйенің бөлігі болатын пилотсыз әуе кемелері азаматтық әуе кемесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте "пилотсыз авиациялық" деген сөздер "азаматтық пилотсыз авиациялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Тәжірибелік-конструкторлық" деген сөз "Авиациялық техниканы әзірлеу мен дайындау мақсатында тәжірибелік-конструкторлық" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 43-бапта:

1-тармақ "әуе винтінің" деген сөздерден кейін ", ұшуды қашықтан басқару пунктіннің" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "әуе винтінің" деген сөздерден кейін ", ұшуды қашықтан басқару пунктіннің" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Азаматтық әуе кемесін, ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық авиация жүйесін әзірлеуші ұйым тип сертификатының иесі болып саналады.

Азаматтық әуе кемесі, ұшуды қашықтан басқару пункті типінің конструкциясы үшін тип сертификатына иелік ететін ұйым жауапты болады.

Әуе кемесін, ұшуды қашықтан басқару пунктін, қозғалтқышты немесе әуе винтін түпкілікті құрастыру үшін дайындаушы ұйым жауапты болады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Авиациялық техниканы әзірлеу мен дайындау жөніндегі ұйымдарды сертификаттауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым авиациялық техниканы әзірлеуші және дайындаушы ұйымдарды сертификаттау қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.";

4-тармақ "әуе винтінің" деген сөздерден кейін ", ұшырылуы қашықтан басқарылатын азаматтық авиация жүйесінің" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "әуе кемесін" деген сөздерден кейін ", ұшырылуы қашықтан басқарылатын авиация жүйесін" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ "кемелерін" деген сөзден кейін "және ұшуды қашықтан басқару пунктін" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 45-бапта:

5-тармақтағы "Эксперименттік" деген сөз "Авиациялық техниканы әзірлеуші және дайындаушы ұйымдарды сертификаттау қағидаларына сәйкес эксперименттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

бірінші бөлік "кезден бастап" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ шетелдік азаматтар жеке мақсаттарда пайдалану үшін Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелетін азаматтық пилотсыз авиациялық жүйелер" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

"пилотсыз авиациялық жүйелердің" деген сөздер "азаматтық пилотсыз авиациялық жүйелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында немесе" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік авиацияның есепке алынуға немесе тіркелуге тиіс пилотсыз авиациялық жүйелерінің санаттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясының әуе кемелерін тіркеу қағидаларында айқындалады.";

үшінші бөліктегі "Пилотсыз" деген сөз "Азаматтық пилотсыз" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 63-баптың 2 және 3-тармақтары "ұшып көтерілу-қону жолағының" деген сөздерден кейін "(қонуға бет алудың және ұшып көтерілудің соңғы кезеңі аймағының)" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 66-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

3) тармақша "жиырмадан асатын" деген сөздерден кейін "немесе ең жоғары ұшу массасы бес мың жеті жүз килограммнан асатын, коммерциялық әуе тасымалына жататын," деген сөздермен толықтырылсын;

4) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

6-тармақ "қағидаларында" деген сөзден кейін ", сондай-ақ әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушыға қойылатын сертификаттау талаптарында" деген сөздермен толықтырылсын;

20) мынадай мазмұндағы 76-2-баппен толықтырылсын:

"76-2-бап. Озық әуе мобильділігі

1. Осы бапта және озық әуе мобильділігі қағидаларында өзгеше көзделмесе, осы Заңның ережелері озық әуе мобильділігіне қолданылады.

2. Озық әуе мобильділігіне жіберілген әуе кемелерін қолдана отырып, тұрақты әуе тасымалдарын орындайтын авиакомпаниялар "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" және "Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де ұйымдық-құқықтық нысандарда да құрылады.

3. Вертипорт озық әуе мобильділігінің инфрақұрылымдық негізін құрайды, ол әуеайлақ не озық әуе мобильділігіне жіберілген және әуе тасымалдарын орындайтын әуе кемелерінің келуі, жөнелтілуі және қозғалысы үшін толық немесе ішінара пайдаланылуы мүмкін ғимараттың немесе құрылысжайдың үстіндегі белгілі бір учаске болып саналады.

4. Вертипорттарға байланысты құқықтық қатынастарға осы Заңның озық әуе мобильділігі қағидаларында көзделген ерекшеліктер мен айрықша ерекшеліктер ескеріле отырып, әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын) және әуежайларды реттейтін ережелері қолданылады.

5. Озық әуе мобильділігіне мынадай қызмет түрлері жатады:

1) қалалық әуе мобильділігі;

2) өңірлік әуе мобильділігі.

Озық әуе мобильділігі шеңберіндегі қалааралық, облысаралық, ауданаралық (қалааралық, облысаралық) әуе тасымалдары өңірлік әуе мобильділігіне жатады.

6. Озық әуе мобильділігіне жіберілген әуе кемелерінің ұшуы Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін шектеледі."

31. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

134-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) денсаулық сақтау; білім беру;"

32. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

9-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган:

1) Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператормен бірлесіп, автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезеңінде қажетті жол битумының көлемін айқындайды;

2) жол битумына қажеттілікті, оны өндіру, өткізу, тиеп-жөнелту және (немесе) тасымалдау көлемін, сондай-ақ бөлшек сауда және көтерме сауда бағаларының серпінін талдайды;

3) автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау үшін қажетті жол битумының көлемін қалыптастыру және бөлу қағидаларын бекітеді;

4) автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау үшін қажетті жол битумының көлемін бөледі;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады."

33. "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "шетелдіктердің", "шетелдіктер", "шетелдіктерге", "шетелдіктерді", "шетелдік немесе", "шетелдік пен", "Шетелдік немесе", "шетелдікті", "Шетелдіктің", "(шетелдік", "шетелдіктерде", "Шетелдіктер", "Шетелдіктердің", "шетелдікке", "Шетелдікке" деген сөздер тиісінше "шетел азаматтарының", "шетел азаматтары", "шетел азаматтарына", "шетел азаматтарын", "шетел азаматы немесе", "шетел азаматы мен", "Шетел азаматы немесе", "шетел азаматын", "Шетел азаматының", "(шетел азаматы", "шетел азаматтарында", "Шетел азаматтары", "Шетел азаматтарының", "шетел азаматына", "Шетел азаматына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

3) тармақшадағы "ақпараттық жүйедегі" деген сөздер "цифрлық объектідегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1) көшіп келушінің цифрлық профилі – көшіп келушінің эталондық дерекқорын қалыптастыру және жаңартып отыру үшін цифрлық ресурстардан келіп түсетін мәліметтер негізінде қалыптастырылған, көшіп келуші туралы деректер жиынтығы;"

мынадай мазмұндағы 8-2), 8-3), 10-2), 10-3), 21-1) және 21-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-2) көшіп келушінің эталондық дерекқоры – Қазақстан Республикасының аумағында болатын (аумағында тұратын) көшіп келуші туралы мәліметтерді орталықтандырылған түрде жинауға, сақтауға, өңдеуге және жаңартып отыруға арналған цифрлық объект;

8-3) көшіп келушіні тіркеу – Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының көшіп келушінің уақытша болатын жері мен мерзімі туралы мәліметтерді цифрлық объектіде белгілеуі;"

"10-2) Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсат – уәкілетті мемлекеттік органдардың шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының аумағына келу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жол жүру құқығын беру туралы шешімін қамтитын электрондық құжат;

10-3) Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін төлемақы – шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдеу кезінде жүзеге асыратын төлемақы;"

"21-1) шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформа – шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға цифрлық форматта мемлекеттік қызметтер, сондай-ақ өзге де сервистер көрсетуге арналған бағдарламалық қамтылым;

21-2) шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды сәйкестендіру және (немесе) аутентификациялау – шетел азаматы мен азаматтығы жоқ адамның жеке басын анықтау және растау процесі, ол Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен көшіп келушінің цифрлық профилін қалыптастыру және көшіп келушілердің эталондық дерекқорына мәліметтерді енгізу үшін дербес және биометрикалық деректерді жинау мен өңдеуді қамтиды;"

3) 5-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) көшіп келушінің эталондық дерекқорында көшіп келушінің цифрлық профилін қалыптастыру және жаңартып отыру үшін жеке басты сәйкестендіру және (немесе) аутентификациялау процесінен өтеді.";

4) 6-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ішкі істер органдары ұлттық қауіпсіздік органымен келісу бойынша береді.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың келуі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету және болу тәртібіне сәйкес Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсат негізінде жүзеге асырылады.";

5) мынадай мазмұндағы 6-2-баппен толықтырылсын:

"6-2-бап. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсат

1. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мөлшерде және тәртіппен ақы алынады.

2. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін төлемақыдан түсетін қаражат Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформа операторына жіберіледі.

3. Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлға шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформаның операторы болуы мүмкін.

4. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформаның жұмыс істеуін қамтамасыз ету:

1) шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформаны құру мен дамытуды;

2) шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформаға жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді және оны сүйемелдеуді;

3) шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформада деректердің сақталуын қамтамасыз етуді қамтиды.

5. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформа операторына Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін ақы төлеуден түсетін қаражат тең үлестермен (елу пайыздан):

1) адамдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы келуін немесе кетуін есепке алу жөніндегі цифрлық жүйені және оның құрамдастарын, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформаны техникалық сүйемелдеуге, дамытуға, жаңғыртуға; адамдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы келуін немесе кетуін есепке алу жөніндегі цифрлық жүйенің және оның құрамдастарының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын, перифериялық жабдығын, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформаны жаңғыртуға және дамытуға;

2) ішкі және келу туризмін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған ұйымға, "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-2-бабына сәйкес туризмді дамытуға бөлінеді.

6. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін ақы төлеуден түскен қаражаттың түсу, оны бөлу, мониторингтеу, ол бойынша есеп беру және пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

б) мынадай мазмұндағы 6-3-баппен толықтырылсын:

"6-3-бап. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсат

1. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде және тәртіппен төлемақы алынады.

2. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін төлемақы республикалық бюджеттің арнаулы түсімдеріне жатады және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен есепке жатқызылады.

3. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін ақы төлеуден түсетін қаражат тең үлестермен (елу пайыздан):

1) адамдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы келуін немесе кетуін есепке алу жөніндегі цифрлық жүйені және оның құрамдастарын, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформаны техникалық сүйемелдеуге, дамытуға, жаңғыртуға; адамдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы келуін немесе кетуін есепке алу жөніндегі цифрлық жүйенің және оның құрамдастарының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын, перифериялық жабдығын, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға арналған цифрлық платформаны жаңғыртуға және дамытуға;

2) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-2-бабына сәйкес туризмді дамытуға бағытталады.

4. Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсатты ресімдегені үшін ақы төлеуден түскен қаражаттың түсу, оны бөлу, мониторингтеу, ол бойынша есеп беру және пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

7) 9-бап мынадай мазмұндағы 3-1), 4-2) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын :

"3-1) халықтың көші-қоны саласындағы цифрлық объектілердің жұмыс істеу, оларды пайдалану тәртібі мен шарттарын бекітеді;"

"4-2) Қазақстан Республикасына келуді жоспарлап отырған шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасына келуге электрондық рұқсат береді, оның күшін жояды не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды;"

"7-2) құзыреті шегінде шет мемлекеттердің уәкілетті органдарымен және халықаралық ұйымдармен көші-қон процестерін реттеу саласында ынтымақтастықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;"

8) 11-бапта:

5-1) тармақшадағы "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық жүйелерімен" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесін", "цифрлық объектілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақшадағы "ақпараттық жүйелерімен" деген сөздер "цифрлық объектілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 37-1-баптың 5-тармағындағы "ақпараттық жүйесі" деген сөздер "цифрлық объектісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 48-бап мынадай мазмұндағы 10-2) және 10-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-2) егер шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды шақыру туралы өтінішхатпен жүгінген кезде қабылдаушы (шақырушы) тұлға жалған мәлімет берсе немесе қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде ұсынбаса;

10-3) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған елдерден келетін шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасына келуге берілетін электрондық рұқсаты болмаса;"

11) 58-2-баптың 3-тармағының 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

34. "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйені", "ақпараттық жүйелермен", "ақпараттық жүйелер" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйені", "цифрлық жүйелермен", "цифрлық жүйелер" деген сөздермен ауыстырылсын.

35. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйелерінің", "ақпараттық жүйелерінен", "ақпараттық жүйелер", "электрондық үкімет" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелерінің", "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық жүйелер", "цифрлық үкімет" деген сөздермен ауыстырылсын.

36. "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 2-тармағындағы "шетелдіктер" деген сөз "шетел азаматтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 13-2) тармақшасы "алушыны" деген сөзден кейін "цифрлық" деген сөзбен толықтырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 18-3-баппен толықтырылсын:

"18-3-бап. Көшіп келушілерге мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету кезінде көшіп келушілердің эталондық дерекқорының мәліметтері негізінде олардың Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында болуының (тұруының) сәйкестігіне мәліметтерді тексеру жүзеге асырылады."

37. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-4) және 2-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-4) дербес деректерді алып тастау – цифрлық объектіден дербес деректерді алып тастауға бағытталған әрекеттер, бұл әрекеттерді жасау нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайды;

2-5) дербес деректерді анонимдеу – дербес деректерді сәйкестендіргіштерді қалпына келмейтіндей түрлендіруге бағытталған әрекеттер, бұл әрекеттерді жасау нәтижесінде дербес деректердің қай дербес деректер субъектісіне тиесілігін айқындау мүмкін болмайды;"

3) тармақшадағы "және жоюды" деген сөздер ", жоюды және алып тастауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) дербес деректерді бүркемелеу – нақты дербес деректердің бір бөлігін жалған және (немесе) иесі көрсетілмеген деректермен ауыстыру арқылы ақпаратты қорғау процесі;

3-2) дербес деректерді жалпыға бірдей қолжетімді көздерде тарату – жасалуы нәтижесінде адамдардың шектелмеген тобына дербес деректерге қолжетімділік берілетін әрекеттер;"

4) тармақша "базаға" деген сөзден кейін "және (немесе) дербес деректерді қамтитын цифрлық объектіге" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) дербес деректерді жинауды және (немесе) өңдеуді жүзеге асыратын тұлғалар тізілімі – дербес деректерді жинауды және (немесе) өңдеуді жүзеге асыратын меншік иелерінің және (немесе) операторлардың, сондай-ақ үшінші тұлғалардың тізбесі;"

8) тармақша "ретке келтірілген" деген сөздерден кейін "қағаз жеткізгіштегі" деген сөздермен толықтырылсын;

9) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"9) дербес деректерді қамтитын базаның және (немесе) цифрлық объектінің меншік иесі (бұдан әрі – меншік иесі) – қағаз жеткізгіштегі базаны және (немесе) дербес деректерді қамтитын цифрлық объектіні Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын іске асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға;

10) дербес деректерді қамтитын базаның және (немесе) цифрлық объектінің операторы (бұдан әрі – оператор) – дербес деректерді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) дербес деректерді қамтитын цифрлық объект – ретке келтірілген дербес деректердің жиынтығын қамтитын цифрлық объект;"

12) тармақшадағы "бұғаттауға және жоюға" деген сөздер "анонимдеуге, бұғаттауға, жоюға және алып тастауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) дербес деректерді сәйкестендіргіш – дербес деректер субъектісін сәйкестендіруге немесе ол туралы жекелеген деректер жинағын осы субъектіні сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтер жиынтығына байланыстыруға мүмкіндік беретін ақпарат;"

15) тармақшадағы "қандай да бір өзгеше" деген сөздер "белгілі бір адамға немесе белгілі бір адамдар тобына алдын ала белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;"

15-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1) дербес деректер қауіпсіздігін бұзушылықтар тізілімі – қауіпсіздігі бұзылған дербес деректер тізбесі;"

мынадай мазмұндағы 15-2) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"15-2) дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылуы – берілетін, сақталатын немесе өзге де түрде өңделетін дербес деректердің заңсыз таралуына, өзгертілуіне, жойылуына және алып тасталуына, санкцияланбаған таралуына немесе оларға санкцияланбаған қол жеткізуге алып келген дербес деректер қорғалуының бұзылуы;"

"18) цифрлық деректерді хештеу – кез келген көлемдегі цифрлық деректерді қорғау мақсатында оларды тіркеп-белгіленген ұзындық жолағына түрлендіру процесі;"

2) 6-бапта:

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Дербес деректерді сәйкестендіргіштер жалпыға бірдей қолжетімді дербес деректерге және қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қатысты субъектіні сәйкестендіру үшін қолданылады.

Дербес деректерді сәйкестендіргіштерге:

1) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) жиынтығында;

2) жеке сәйкестендіру нөмірі;

3) субъектінің бет бейнесі;

4) субъект бетінің биометриялық векторы немесе оның бастапқы мәніне дейін қалпына келтірілуі мүмкін туындылары жатады;"

төртінші бөлік "жою" деген сөзден кейін ", алып тастау" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөлік "жоюға" деген сөзден кейін ", алып тастауға" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 7-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Субъектінің өзі немесе оның заңды өкілі меншік иесіне және (немесе) операторға, сондай-ақ үшінші тұлғаға осы баптың 3-тармағында көзделген келісімді бермей, дербес деректерді жалпыға бірдей қолжетімді көздерде таратқан жағдайда, мұндай дербес деректерді кейіннен жинау, тарату немесе өзге де өңдеу заңдылығын растау міндеті оларды жинаған, таратқан немесе өзге де өңдеген әрбір тұлғаға жүктеледі.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың 3-тармағының талаптары орналастыру міндеті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жалпыға бірдей қолжетімді көздерде дербес деректер таратылған жағдайларда меншік иелеріне және (немесе) операторларға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға қолданылмайды.

Бұл ретте меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар ақпаратты жалпыға бірдей қолжетімді көздерде орналастыру кезінде оларды бүркемелеу арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратылуға жатпайтын дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, субъектіге немесе оның заңды өкіліне осы тармақтың бірінші бөлігінің негізінде таратылған дербес деректерге қолжетімділік авторландыру және сәйкестендіру рәсімдерінен өткеннен кейін беріледі.";

5-тармақта:

"3" деген цифрдан кейін ", 3-1" деген цифрлармен толықтырылсын;

"қайта" деген сөз "кейіннен" деген сөзбен ауыстырылсын;

11-тармақтағы "дерекқорларды" деген сөз "базаларды және (немесе) цифрлық объектілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 8-баптың 4-тармағында:

1) тармақшадағы "оператордың" деген сөз "меншік иесінің және (немесе) оператордың" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "оператордың" деген сөз "меншік иесінің және (немесе) оператордың" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "деректердің жалпыға бірдей қолжетімді көздерде таратылуы" деген сөздер "деректерді меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның жалпыға бірдей қолжетімді көздерде тарату мүмкіндігі немесе оның болмауы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 8-1-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы "жою" деген сөзден кейін ", алып тастау" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 8-2-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы "жою" деген сөзден кейін ", алып тастау" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 9-бап мынадай мазмұндағы 9-5-тармақшамен толықтырылсын:

"9-5) көшіп келушілердің дербес деректері көшіп келушілердің эталондық дерекқорына, оның ішінде халықтың көші-қоны саласындағы цифрлық объектілерді пайдалана отырып, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде берілген;"

8) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Дербес деректерді өңдеуді бастау және өңдеуді тоқтату туралы хабарлама

1. Меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға дербес деректерді өңдеу басталғанға және өңдеу тоқтатылғанға дейін осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органды дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыру және деректерді өңдеуді тоқтату ниеті туралы хабардар етуге міндетті.

2. Меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға дербес деректерді жинайтын және өңдейтін шағын және орта меншік иелеріне және (немесе) операторларға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға жатқызылған жағдайда хабардар етпей өңдеуді жүзеге асыруға құқылы.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген хабарлама қағаз, цифрлық және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіштегі құжат түрінде жіберіледі, оған уәкілетті адам қол қояды. Хабарламада мынадай мәліметтер:

1) меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі);

2) дербес деректерді қорғау бойынша қолданылатын шаралар;

3) дербес деректерді өңдеу басталған күн;

4) меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе оның болмауы туралы;

5) дербес деректерді өңдеу процесінде оларды трансшекаралық берудің болғаны не болмағаны туралы;

6) дербес деректердің жалпыға бірдей қолжетімді көздерде таратылуы туралы;

7) субъектіге байланысты жиналатын дербес деректердің тізбесі;

8) дербес деректерді қамтитын базаның және (немесе) цифрлық объектінің тұрған жері туралы мәліметтер;

9) меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға айқындайтын өзге де мәліметтер қамтылады.

4. Уәкілетті орган меншік иесінен және (немесе) оператордан, сондай-ақ үшінші тұлғадан дербес деректерді өңдеу туралы хабарлама келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәліметтерді, сондай-ақ көрсетілген хабарламаны дербес деректерді жинайтын және (немесе) өңдейтін тұлғалар тізіліміне жіберілген күн туралы мәліметтерді енгізеді.

5. Уәкілетті орган меншік иесінен және (немесе) оператордан, сондай-ақ үшінші тұлғадан дербес деректерді өңдеу тоқтатылғаны туралы хабарлама келіп түскен күннен

бастап отыз жұмыс күні ішінде осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәліметтерді дербес деректерді жинайтын және (немесе) өңдейтін тұлғалар тізілімінен алып тастайды.";

9) 12-баптың 2-тармағы "базада" деген сөзден кейін "және (немесе) цифрлық объектіде" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 18-бапта:

тақырыптағы "жою" деген сөз "жою, алып тастау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "жоюға" деген сөз "жоюға, алып тастауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Дербес деректерді алып тастау туралы талап Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің 41-бабының 4-тармағында айқындалған жағдайларда орындалмауға тиіс.";

11) 19-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары және" деген сөздер алып тасталсын;

12) 22-баптың 2-тармағындағы "жойылған не иесіздендірілген" деген сөздер "жойылған, алып тасталған, анонимделген не иесі көрсетілмеген" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Дербес деректерді қамтитын цифрлық ресурстарды қорғау

1. Дербес деректерді қамтитын цифрлық объектілерді қорғау осы Заңға және Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Дербес деректерді қорғау мақсатында цифрлық объектілерде бүркемелеу және хештеу әдістері қолданылады.

Бүркемелеу және хештеу әдістерін қолдану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Цифрлық объектілерді интеграциялау арқылы дербес деректерді беруге жол беріледі.

Дербес деректерді аса маңызды цифрлық объектілерден цифрлық жеткізгіштерге көшіру (жүктеп алу) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

14) 3-тарау мынадай мазмұндағы 23-2-баппен толықтырылсын:

"23-2-бап. Дербес деректер қауіпсіздігін бұзушылықтар тізілімі

1. Дербес деректер қауіпсіздігін бұзушылықтар тізілімін жалпыға бірдей қолжетімді көздерден, сондай-ақ киберқауіпсіздіктің жедел орталықтарынан, киберқауіпсіздіктің салалық орталықтарынан, Киберқауіпсіздіктің мемлекеттік жедел орталығынан, киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметінен, Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығынан және Киберқауіпсіздіктің компьютерлік оқыс оқиғаларына ден қою жөніндегі ұлттық қызметтен келіп түсетін ақпарат негізінде уәкілетті орган жүргізеді.

2. Уәкілетті орган дербес деректер қауіпсіздігін бұзушылықтар тізілімінде дербес деректерді өңдеуді субъектінің және оның заңды өкілінің келісімін алмай, үшінші тұлғалардың оларға санкцияланбаған қол жеткізу фактілері негізінде жүзеге асырады.";

15) 24-баптың 1-тармағында:

3) тармақша "бұғаттауды" деген сөзден кейін "және (немесе) анонимдеуді" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "жоюды" деген сөзден кейін "немесе алып тастауды" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 25-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

4) тармақша "жою" деген сөзден кейін "және (немесе) алып тастау" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақшада:

екінші абзац "жоюға" деген сөзден кейін "немесе алып тастауға" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзац "жоюға" деген сөзден кейін "немесе алып тастауға" деген сөздермен толықтырылсын;

17) мынадай мазмұндағы 25-1-баппен толықтырылсын:

"25-1-бап. Дербес деректерді өңдейтін меншік иелерінің және (немесе) операторлардың, сондай-ақ үшінші тұлғалардың сыныптамаcы

1. Дербес деректерді жинайтын және өңдейтін меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар өңделетін дербес деректердің көлеміне қарай шағын, орта және ірі болып бөлінеді.

2. Өңделетін дербес деректердің көлемін айқындау кезінде дербес деректерін бір немесе бірнеше цифрлық объект шеңберінде меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға өңдейтін бірегей дербес деректер субъектілерінің жалпы саны ескеріледі.

3. Дербес деректерді өңдейтін меншік иелерін және (немесе) операторларды, сондай-ақ үшінші тұлғаларды шағынға, ортаға немесе іріге жатқызу өлшемшарттары олардың ұйымдық-құқықтық нысанына, меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан қолданылады.

Он мыңнан аспайтын бірегей дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін жинайтын және өңдейтін меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар – шағынға; он мыңнан бес жүз мыңға дейін бірегей субъектілердің дербес деректерін жинайтын және өңдейтін меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар – ортаға; бес жүз мың және одан көп бірегей субъектілердің дербес деректерін жинайтын және өңдейтін меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар іріге жатады.

Қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді жинаған және өңдеген жағдайда меншік иесінің және (немесе) оператордың санаты бір деңгейге көтеріледі.

Санаттар бойынша дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды уәкілетті орган айқындайды.";

18) 27-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "немесе жоюды" деген сөздер ", жоюды немесе алып тастауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 27-1-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 2-4) тармақшамен толықтырылсын:

"2-4) дербес деректерді жинайтын және (немесе) өңдейтін тұлғалар тізілімін жүргізеді;"

5) тармақшадағы "немесе жоюды" деген сөздер ", жоюды немесе алып тастауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз дербес деректер қауіпсіздігін бұзушылықтар тізілімін жүргізеді;"

6-2) тармақшадағы "цифрлық инфрақұрылымы" деген сөздер алып тасталсын;

20) 27-3-бапта:

4-тармақтың 2) тармақшасындағы "электрондық жеткізгіштердегі" деген сөздер "цифрлық жеткізгіштердегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың 2) тармақшасындағы "автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге)" деген сөздер "цифрлық объектілерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

38. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "сатып алудың ақпараттық жүйелерімен", "ақпараттық жүйелерінде" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "сатып алудың цифрлық жүйелерімен", "цифрлық жүйелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

39. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "көлік және коммуникация саласындағы", "Көлік және коммуникация саласындағы" деген сөздер тиісінше "көлік саласындағы", "Көлік саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

6) тармақшадағы ", оның ішінде қозғалтқыш пайдаланыла отырып," деген сөздер алып тасталсын;

28) тармақша "құралы" деген сөзден кейін "(оның ішінде пилотсыз көлік құралы)" деген сөздермен толықтырылсын;

41) тармақша "Мопедтерге" деген сөзден кейін "қозғалтқышы бар велосипедтер," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 43-1) тармақшамен толықтырылсын:

"43-1) оқу автоайлағы – көлік құралдарын басқарудың практикалық дағдыларын үйретуге арналған, жол жүрісі жағдайларын имитациялайтын элементтерді (

жаттығуларды) қамтитын, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жол таңбасымен, жол белгілерімен және жол жүрісін ұйымдастырудың өзге де техникалық құралдарымен жарақтандырылған арнайы жабдықталып қоршалған аумақ;"

44-1) тармақша "аумақ" деген сөзден кейін "(тұрғын үй кешендерінің ішкі өтпе жолы), ғимараттың немесе құрылысжайдың бір бөлігі (жерасты және көп деңгейлі тұрақтар)" деген сөздермен толықтырылсын;

53-1) тармақша мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шағын электр көлігі құралдарына гироскутерлер, сигвейлер, электрмотоскейтбордтар, монодөңгелектер және ұқсас сипаттамалары бар өзге де көлік құралдары жатады;"

3) 10-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, механикалық көлік құралдары жүргізушілерін даярлау, емтихан қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру, механикалық көлік құралын басқару құқығын тоқтату және қалпына келтіру қағидаларын бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көлік құралдарының кепілін, тіркелген кепілдің өзгерістерін, толықтыруларын тіркеу және тоқтату қағидаларын әзірлеп, бекітеді;"

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жол жүрісін және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, оның ішінде Қазақстан Республикасының жол жүрісі және автомобиль көлігі туралы заңнамасының бұзылуын анықтайтын немесе тіркеп-белгілейтін, автоматты режимде жұмыс істейтін, автомобиль жолдарында және мемлекеттік органдардың, жедел медициналық жәрдем қызметтерінің, жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың көлік құралдарында орнатылатын техникалық құралдарды қолдана отырып, мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;"

мынадай мазмұндағы 6-3), 22-1) және 22-2) тармақшалармен толықтырылсын;

"6-3) көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктер мен оқу ұйымдарының қызметін мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;"

"22-1) көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеп, бекітеді;

22-2) көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізілімін жүргізеді;"

24-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 24-4) және 24-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"24-4) көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарына екінші санаттағы рұқсатты береді;

24-5) оқу ұйымдарының көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруы үшін рұқсат беру талаптарын бекіту туралы нормативтік құқықтық актіні, осы талаптарға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлейді, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен, цифрландыру саласындағы уәкілетті органмен келіседі және бекітеді;"

4) 23-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы алып тасталсын;

5) 26-баптың 2-тармағындағы "аумағында" деген сөзден кейін ", оның ішінде тұрақ кеңістігінде" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 29-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган медициналық көрсетілімдері бойынша механикалық көлік құралын басқаруға рұқсат берілген не медициналық қорытындыда расталған, механикалық көлік құралын басқаруға медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдар туралы мәліметтерді өз құзыреті шегінде уәкілетті органдардың пайдаланушылары қол жеткізе алатын автоматтандырылған дерекқорға енгізеді.

4. Медициналық көрсетілімдер бойынша механикалық көлік құралын басқаруға рұқсат берілген не механикалық көлік құралын басқаруға медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды автоматтандырылған тіркеу мен есепке алу және уәкілетті органдар пайдаланушыларының автоматтандырылған дерекқорына қол жеткізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.";

7) 42-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) пилотсыз көлік құралдары пайдаланылатын орындарды немесе жол учаскелерін (пилотсыз көлік құралдарын пайдалану аймақтары) айқындау.";

8) 43-бапта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Көлік саласындағы уәкілетті орган, жергілікті атқарушы органдар, жол иелері жол пайдаланушылардың ұтқырлыққа және қолжетімділікке қажеттіліктерін қамтамасыз ететін қауіпсіз жол инфрақұрылымын, сондай-ақ пилотсыз көлік құралдарын пайдалану аймағын:";

1) тармақша ", пилотсыз көлік құралдарына арналған инфрақұрылым (асфальт жабыны, жол таңбалары мен белгілері, Интернет желісімен қамту және басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 54-баптың 4-тармағы 22) тармақшасының алтыншы абзацы алып тасталсын;

10) 57-бапта:

1-тармақта:

", шағын электр көлігі құралын" деген сөздер алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шағын электр көлігі құралдары жүргізушілерінің велосипед жолдарымен жүруге құқығы бар.";

5-тармақтың үшінші абзацындағы "жиегімен;" деген сөз "жиегімен жүреді." деген сөздермен ауыстырылып, төртінші абзацы алып тасталсын;

11) 61-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "көлік құралының тіркеу құжаттарында" деген сөздер "уәкілетті органның цифрлық жүйесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 66-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы "қаулылар" деген сөзден кейін "және (немесе) айыппұл төлеу қажеттілігі туралы нұсқама" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 68-баптың 1-тармағының 6-1) тармақшасындағы "жасауы;" деген сөз "жасауы негіз болады." деген сөздермен ауыстырылып, 7) тармақшасы алып тасталсын;

14) 70-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Электромобильдерге арнаулы мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі беріледі.";

15) 73-бапта:

2-тармақтың екінші және үшінші бөліктері алып тасталсын;

3-тармақта:

бірінші бөлік "Емтихандар" деген сөзден кейін "уәкілетті органның жол жүрісі саласындағы цифрлық жүйесімен интеграцияланған," деген сөздермен толықтырылсын ;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Емтихан өткізуге арналған техникалық бақылау құралдарының құрамын, оларға және жол жүрісі саласындағы цифрлық жүйеге қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды қолдану шарттарын уәкілетті орган белгілейді.";

16) 74-бапта:

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының алтыншы немесе сегізінші бөліктерінде не 613-бабының тоғызыншы немесе он бірінші бөліктерінде көзделген құқық бұзушылықты жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар жеті жыл бойы көлік құралын басқару құқығын алуға жіберілмейді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының жетінші немесе сегізінші бөліктерінде (қайталап жасау) не 613-бабының оныншы немесе он бірінші бөліктерінде (қайталап жасау) көзделген құқық бұзушылықты жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар сегіз жыл бойы көлік құралын басқару құқығын алуға жіберілмейді.

Осы шектеу әкімшілік жауаптылыққа соңғы тартылған кезден бастап есептеледі.";

мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Көлік құралдарын басқару құқығы жоқ, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде масаң күйде көлік құралын басқарғаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамдар сегіз жыл бойы көлік құралдарын басқару құқығын алуға жіберілмейді.

Осы шектеу қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы бекітілген кезден бастап есептеледі.";

17) 75-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлікте:

2) тармақшаның екінші абзацы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) уәкілетті органдардың пайдаланушылары қол жеткізе алатын жол жүрісі саласындағы цифрлық жүйеде осы Заңның 29-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында аталған, медициналық көрсетілімдер бойынша механикалық көлік құралын басқаруға рұқсат берілген не механикалық көлік құралын басқаруға медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдар туралы мәліметтердің болмауы;"

3) тармақшадағы "емтиханды" деген сөз "теориялық емтиханды тапсырмау немесе тапсыруға келмеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде масаң күйде көлік құралын басқарғаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босату.

Уәкілетті орган қылмыстық істі тоқтату туралы заңды күшіне енген қаулы негізінде көлік құралдарын басқару құқығын тоқтатады және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жол жүрісі саласындағы цифрлық жүйеге мұндай құқықтың тоқтатылғаны туралы мәліметтерді енгізеді;"

екінші бөліктегі "3) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша көлік құралдарын басқару құқығын тоқтату уәкілетті органның (лауазымды адамның) қуынымы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен сот шешімі бойынша" деген сөздер "2-1), 3), 4-1) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша көлік құралдарын басқару құқығын тоқтату уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың 1), 2), 2-1), 3), 4-1) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша көлік құралын басқару құқығы тоқтатылған адам көлік құралын басқару құқығы жоқ адам деп танылады.";

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы баптың 1-тармағының 1), 2) және 2-1) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша – уәкілетті органдардың пайдаланушылары қол жеткізе алатын цифрлық жүйеде көлік құралын басқаруға қарсы көрсетілімдердің жоқ екендігі туралы медициналық қорытынды болған кезде;"

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақшадағы "осы Заңның 73-бабында белгіленген тәртіппен" деген сөздер " жол жүрісі қағидаларын білуін тексеру үшін теориялық емтихан тапсырғаннан кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "қайта медициналық қарап-тексеруден, емтихан тапсырғаннан және көлік құралын басқару құқығынан айыру мерзімі өткеннен кейін осы құқық қайта қалпына келтіріледі." деген сөздер "көлік құралын басқару құқығынан айыру мерзімі өткеннен кейін уәкілетті органдардың пайдаланушылары қол жеткізе алатын цифрлық жүйеде көлік құралын басқаруға қарсы көрсетілімдердің жоқ екендігі туралы медициналық қорытынды болған кезде және жол жүрісі қағидаларын білуін тексеру үшін теориялық емтихан тапсырғаннан кейін;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) осы баптың 1-тармағының 4-1) тармақшасында көзделген негіз бойынша көлік құралын басқару құқығы тоқтатылған кезден бастап сегіз жыл өткен соң, уәкілетті органдардың пайдаланушылары қол жеткізе алатын цифрлық жүйеде көлік құралын басқаруға қарсы көрсетілімдердің жоқ екендігі туралы медициналық қорытынды болған кезде және жол жүрісі қағидаларын білуін тексеру үшін теориялық емтихан тапсырғаннан кейін осы құқық қайта қалпына келтіріледі.";

18) 77-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"77-бап. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарына қойылатын талаптар

1. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымын немесе оның филиалдарын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер құрады және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізіліміне енгізілген күннен бастап қызметті жүзеге асырады.

Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымының филиалы нақты тұрған жерін көрсете отырып, көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізіліміне енгізу үшін осы Заңның талаптарына сәйкес болуға міндетті.

2. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізіліміне енгізу үшін уәкілетті органға рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі пайдаланыла отырып, электрондық түрде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша өтініш;

2) оқу үй-жайларын, оқу автоайлағын және басқару органдары сол жақта орналасқан оқу көлік құралдарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген және оқу-материалдық база ретінде пайдаланылатын, көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының жылжымайтын және жылжымалы мүлкіне меншік құқығын немесе оны пайдалану құқығын растайтын мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынған мәліметтер;

3) көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің және білім беру процесі кезінде жүргізуге оқыту шеберлерінің тізімдері (тізімде "оқытушы", "өндірістік оқыту шебері" және "білім беру процесі кезінде жүргізуге оқыту шебері" біліктілік куәлігінің нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), жеке басты куәландыратын құжаттың деректері көрсетіледі);

4) оқытылатын тақырыптар, сабақ кестесі және жоспарланатын оқыту әдістері көрсетілетін даярлау бағдарламалары.

3. Екінші санаттағы рұқсат беру туралы өтінішті уәкілетті орган берілген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды, оның қорытындысы бойынша өтініш берушіге көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізіліміне енгізу туралы хабарлама жіберіледі немесе уәжді бас тарту беріледі.

4. Өтініш берушінің алдағы қызметті жүзеге асыратын жердегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің оның осы Заңның талаптарына сәйкестігі туралы қорытындысы және уәкілетті органның шешімі (бұйрығы) көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымын көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізіліміне енгізуге негіз болады.

Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарын және олардың филиалдарын, оқу көлік құралдарын, өзге де жабдықтар мен техникалық құралдарды, оқытушыларды, өндірістік оқыту шеберлерін және көлік құралдары жүргізушілерін даярлау бойынша білім беру процесі кезінде жүргізуге оқыту шеберлерін есепке алу және оқу топтарын тіркеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті органның цифрлық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

5. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымының басшысында "оқытушы" немесе "өндірістік оқыту шебері" не "білім беру процесі кезінде жүргізуге оқыту шебері" біліктілік куәліктері болуы міндетті.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізілімінен алып тасталған, көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымын бұрын басқарған басшының ұйым алып тасталған күннен бастап бір жыл бойы көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі басқа оқу ұйымының қатысушысы болуға құқылы емес.

6. Жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарда және елді мекендердің көшелерінде көлік құралын жүргізуге оқыту уәкілетті органмен келісілген маршруттар бойынша ғана және көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі білім беру процесі кезінде жүргізуге оқыту шеберінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Жүргізуді үйренуші адам басқарып отырған оқу көлік құралымен жолаушылар тасымалдауға тыйым салынады.

Басқару органдары оң жақта орналасқан көлік құралымен практикалық жүргізуге оқытуға тыйым салынады.";

19) мынадай мазмұндағы 78-1-баппен толықтырылсын:

"78-1-бап. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізіліміне енгізуден бас тарту немесе одан алып тастау негіздері

1. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізіліміне енгізуден бас тартуға:

1) осы Заңның 77-бабының 2-тармағында көзделген құжаттардың бірін ұсынбау;

2) ұсынылған құжаттарда көрсетілген мәліметтердің анық және (немесе) толық болмауы;

3) осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша өтініш берілген күнге дейін алты ай ішінде көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізілімінен алып тастау негіз болады.

2. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізілімінен алып тастауға:

1) көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымының көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізілімінен ерікті түрде алып тастау туралы өтініші;

2) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымының қызметін тоқтату, оны тарату немесе қайта ұйымдастыру;

3) көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізіліміне енгізу кезінде көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымы туралы көрінеу анық емес ақпарат беру негіз болады.

Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізілімінен алып тастау туралы хабарлама уәкілетті орган тиісті шешім (бұйрық) қабылдағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымына жіберіледі.";

20) 85-бапта:

3-тармақ "ұйымдары" деген сөзден кейін "және олардың филиалдары" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдары мен олардың филиалдары бақылау органдарының және олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 29-тарауында көзделген тәртіппен жоғары тұрған мемлекеттік органға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқылы.";

21) 87-бапта:

тақырып "ұйымдарының" деген сөзден кейін "және олардың филиалдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацы "және олардың филиалдарының" деген сөздермен, 2-тармақтың бірінші абзацы "және олардың филиалдары" деген сөздермен толықтырылсын.

40. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-қосымшаның 1-сыныбы – "қызметке берілетін рұқсаттар" мынадай мазмұндағы 87-20-жолмен толықтырылсын:

"

87-20.	Көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізіліміне енгізу	Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарын көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының тізіліміне енгізу туралы шешімі (бұйрығы)	
--------	--	--	--

";

2) 3-қосымшада:

43-1-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 67-тармақпен толықтырылсын:

"67. Дербес деректерді өңдеу туралы хабарлама."

41. "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

52-баптың 1-тармағындағы "ақпараттық жүйені" деген сөздер "цифрлық жүйені" деген сөздермен ауыстырылсын.

42. "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

4) тармақшадағы "ашық үкіметтің құрауышы" деген сөздер "мемлекеттік цифрлық ресурс" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) ашық деректер – машинада оқылатын түрде ұсынылған және еркін пайдалануға, өңдеуге, қайта жариялауға және таратуға арналған, ашық қол жеткізуде орналастырылған цифрлық деректер;

6) ашық деректердің интернет-порталы – ашық деректерді орталықтандырылған орналастыру, сипаттау, сақтау, іздеу, қол жеткізу және қайта пайдалану, сондай-ақ осындай деректерге машиналық қол жеткізу үшін бағдарламалық интерфейстерді беруге арналған мемлекеттік цифрлық ресурс;"

6-1) және 7) тармақшалардағы "ашық үкіметтің құрауышы" деген сөздер "мемлекеттік цифрлық ресурс" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-1) және 11) тармақшалардағы "ашық үкіметтің құрауышы" деген сөздер "мемлекеттік цифрлық ресурс" деген сөздермен ауыстырылсын.

43. "Қайырымдылық туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 10-2) және 11-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-2) қайырымдылықтың бірыңғай цифрлық ресурсы – қайырымдылық ұйымдары, олардың қызметі, іске асырылатын бағдарламалар мен жобалар, келіп түскен және пайдаланылған қаражат көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ осы Заңда көзделген өзге де ақпаратты қамтитын цифрлық дерекқоры;"

"11-2) мемлекеттік қайырымдылық платформасы – пайдаланушыға қайырымдылық көмек алуға жәрдем көрсетуге арналған цифрлық платформа;"

18) тармақша алып тасталсын;

2) 4-1-бап алып тасталсын;

3) 7-1-бап мынадай мазмұндағы 4-2), 4-3) және 4-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-2) қайырымдылықтың бірыңғай цифрлық ресурсын қалыптастыру тәртібін айқындайды;

4-3) қайырымдылықтың бірыңғай цифрлық ресурсын жүргізеді;

4-4) мемлекеттік қайырымдылық платформасы арқылы қайырымдылық көмек көрсету тәртібін айқындайды;"

4) мынадай мазмұндағы 7-2-баппен толықтырылсын:

"7-2-бап. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты Еңбек ресурстарын дамыту орталығының құзыреті

Еңбек ресурстарын дамыту орталығы:

1) мемлекеттік қайырымдылық платформасының деректерін әзірлейді, оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, талдайды және өңдейді, өзге де цифрлық объектілермен

интеграциялайды, сондай-ақ мемлекеттік қайырымдылық платформасын дамыту жөніндегі жобаларды басқарады;

2) әлеуметтік-еңбек саласында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік қайырымдылық платформасын пайдалану мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық және консультациялық қызметтер көрсетеді.";

5) 8-баптың 2-тармағының 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) өз қызметінің ашықтығын, оның ішінде 31 наурызға дейін қайырымдылықтың бірыңғай цифрлық ресурсында қызмет, іске асырылатын бағдарламалар мен жобалар, келіп түскен және пайдаланылған қаражат көлемі туралы анық және толық есептерді, сондай-ақ осы Заңда көзделген өзге де ақпаратты жыл сайын жариялау арқылы қамтамасыз етуге міндетті.

Есепте қайырымдылық алым нәтижесінде алынған ерікті қайырмалдықтар, нысаналы сипаты бар алынған қаражат, іске асырылатын қайырымдылық бағдарламаларының қол жеткізілген нәтижелері туралы мәліметтерді қоса алғанда, кіріс көздері туралы ақпарат, сондай-ақ шығыстар, оның ішінде әкімшілік қажеттіліктерге жұмсалатын шығыстар туралы мәліметтер қамтылуға тиіс";

6) 16-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жұмыс жоспарын, алдағы жылға арналған бюджетті және өткен жылдың есебін, сондай-ақ әкімшілік шығыстардың лимиті мен тізбесін бекіту";

7) 18-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қайырымдылық жасаушы өзгеше белгілемеген немесе қайырымдылық бағдарламасында өзгеше белгіленбеген жағдайда, қайырымдылық ұйымы қайырмалдықтар түрінде жиналған ақша қаражатының кемінде сексен пайызын оларды алған күннен бастап бір жыл ішінде қайырымдылық мақсаттарына пайдалануға тиіс, бұл ретте, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, ақша қаражаты цифрлық платформалар мен төлем сервистері арқылы тартылған кезде қайырымдылық ұйымының банктік шотына тиісті қаражат есепке жатқызылған күн қайырмалдық алған күн деп танылады."

44. "Киберқауіпсіздік туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

4) тармақшадағы "бастапқы кодтарды және олардан құрамдалған цифрлық объектілердің орындалатын кодтарын" деген сөздер "цифрлық объектілердің бастапқы кодтарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) тармақшадағы ", цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін оқиғаларды немесе бұзушылықтарды анықтауды, талдауды және оларға қарсы іс-қимыл жасау үшін шаралар қабылдауды қамтитын процесс" деген сөздер алып тасталсын;

27) тармақшадағы "мемлекеттік заңды" деген сөздер "заңды" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 30-1) тармақшамен толықтырылсын:

"30-1) хостинг-провайдер – деректерді беру желісіндегі өз мекенжайларын пайдалана отырып, өзінің цифрлық инфрақұрылымында орналастырылған үшінші тұлғалардың интернет-ресурстарына орналастыру, сақтау және (немесе) оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;"

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің операторын айқындайды;"

3) 7-1-бапта:

4) тармақша "өлшемшарттарын" деген сөзден кейін ", аса маңызды цифрлық объектілерді санаттарға бөлу әдістемесін" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақшадағы "мемлекеттік органдардың", "мониторинг жүргізу" деген сөздер тиісінше "цифрлық үкіметтің", "мониторингті жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақшадағы "цифрландыру" деген сөз "аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде цифрландыру саласындағы мемлекеттік бақылауды қоспағанда, цифрландыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы" деген сөздер "аса маңызды цифрлық объектілерге жататын объектілерді қоспағанда, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы "тіркеушісін" деген сөз "тіркеу орнын" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 27-1) және 27-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"27-1) цифрлық оқиғаларды журналға енгізу қағидаларын бекітеді;

27-2) цифрлық оқиғаларды журналға енгізудің бірыңғай платформасының жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;"

4) 7-2-баптың бірінші бөлігінде:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) өзінің қызметшілері үшін киберқауіпсіздік және кибермәдениет бойынша жыл сайын профилактикалық іс-шаралар жүргізеді;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) құзыреті шегінде аса маңызды цифрлық объектілерді реттеу мәселелерін айқындайды, сондай-ақ оларды санаттарға бөлуді жүргізеді;"

5) 7-3-бапта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жергілікті атқарушы органдар:";

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшадағы "тиісті" деген сөз "аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде цифрландыру саласындағы мемлекеттік бақылауды қоспағанда, тиісті" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 7-4-баптың 1-тармағында:

2) тармақшадағы "мемлекеттік органдардың" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада:

"немесе болғызбау" деген сөздер "және (немесе) болғызбау" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қалыптастырады" деген сөз "береді" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілері үшін киберқауіпсіздік зерттеушілерімен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасын іске асырады;" ;

6) тармақшадағы "бекітетін" деген сөз "бекіткен" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 7-5-баптың 1-тармағының 16) тармақшасындағы "киберқауіпсіздіктің" деген сөз алып тасталсын;

8) мынадай мазмұндағы 13-5-баппен толықтырылсын:

"13-5-бап. Хостинг-провайдер

1. Хостинг-провайдер Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз етеді.

Хостинг-провайдер Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығынан өзінің цифрлық инфрақұрылымында орналастырылған интернет-ресурстағы киберқауіпсіздіктің анықталған оқыс оқиғасы және (немесе) осалдық туралы хабарлама алған кезде бұл туралы ақпаратты осы интернет-ресурстың меншік иесіне немесе иеленушісіне дереу жіберуге міндетті.

2. Хостинг-провайдер Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын сақтауды ескере отырып, өзінің цифрлық инфрақұрылымында орналастырылған үшінші тұлғалардың интернет-ресурстарына Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілері арқылы қолжетімділік береді.

3. Хостинг-провайдерлер өздерінің цифрлық инфрақұрылымын киберқауіпсіздік катерлері мен тәуекелдерінен қорғауды қамтамасыз етеді.";

9) 14-бапта:

1-тармақта:

10) тармақша "саласында" деген сөзден кейін "киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінде және аса маңызды цифрлық объектілерде пайдаланылатын ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігін техникалық куәландыруды жүргізеді;

13) цифрлық оқиғаларды журналға енгізудің бірыңғай платформасын пайдалану қызметін ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісу бойынша киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған, мемлекеттің меншігі болып саналатын және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының басқаруындағы цифрлық объектілерді "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік техникалық қызметке өтеусіз пайдалануға беруге құқылы.";

10) 18-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

1) тармақшадағы "цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарда" деген сөздер "киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығының көрсетілетін қызметтерінің сатып алуға міндетті көлемдерінің (жиынтықтарының) және олардың сипаттамаларының тізбесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

"киберқауіпсіздіктің цифрлық оқиғаларын" деген сөздер "цифрлық оқиғаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"орталығының" деген сөзден кейін "және цифрлық оқиғаларды журналға енгізудің бірыңғай платформасының" деген сөздермен толықтырылсын;

"азаматтық заңнамасына" деген сөздер "Азаматтық кодексіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "жүзеге асыруға міндетті." деген сөздер "жүзеге асыруға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) жыл сайын өзінің барлық жұмыскері үшін киберқауіпсіздік және кибермәдениет бойынша оқытуды жүргізуге міндетті.";

11) 30-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Байланыс операторларының уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Интернет желісіне қол жеткізудің бірыңғай шлюзіне қосылу үшін өздерінің техникалық құралдарын (аппараттық-бағдарламалық кешендерін) пайдалануға құқығы бар.

Мұндай техникалық құралдарды басқару мемлекеттік техникалық қызметке беріледі.";

4-тармақ "хабарларды" деген сөзден кейін "цифрлық үкіметтің" электрондық поштасының бірыңғай шлюзі арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 30-1-бапта:

1-тармақтағы "қоғамдық құқық тәртібін" деген сөздер "қоғамдық тәртіпті" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) объектінің меншік нысанына қарамастан, қоғамдық орындарда, азаматтар көп болатын орындарда және халықтың еркін баруына қолжетімді объектілерде орнатылған бейнебақылау жүйелері.";

екінші бөлік алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің қатысушылары – оның үйлестірушісі, операторы, әкімшісі, пайдаланушылары мен абоненттері.";

4-тармақта:

бірінші бөліктегі "мен ішкі істер органдары" деген сөздер ", құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі және жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6, 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган немесе дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлға Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің операторы болып саналады.

7. Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің операторы Ұлттық бейнемониторинг жүйесін жасайды әрі дамытады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Ұлттық бейнемониторинг жүйесін пайдалану қызметін ұсынады.

Ұлттық бейнемониторинг жүйесін пайдалану Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарына, құқық қорғау органдарына және Төтенше жағдайлар министрлігіне өтеусіз негізде беріледі.

8. Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің бағдарламалық қамтылымына, байланыс арналары мен техникалық құралдарына жүйелік-техникалық қызмет көрсету мен сүйемелдеу;

Ұлттық бейнемониторинг жүйесінде деректердің сақталуын қамтамасыз ету;

Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің тоқтаусыз және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін кезекші қызметтің тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз ету.";

13) 38-бапта:

1-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісінің Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының киберқауіпсіздік оқиғаларын мониторингтеу жүйесімен және цифрлық оқиғаларды журналға енгізудің бірыңғай платформасымен цифрлық өзара іс-қимыл жасауын;"

5) тармақшадағы "цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарда" деген сөздер "киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығының көрсетілетін қызметтерінің сатып алуға міндетті көлемдерінің (жиынтықтарының) және олардың сипаттамаларының тізбесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижелері бар хаттамалары алынған;"

14) 54-баптың 4-тармағының 2) тармақшасы және 5-тармағының 2) тармақшасы "тұлғалардан" деген сөзден кейін "киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығының көрсетілетін қызметтерінің сатып алуға міндетті көлемдерінің (жиынтықтарының) және олардың сипаттамаларының тізбесінде белгіленген көлемде (жиынтықта)" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 60-2-бапта:

1-тармақ "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың 3) тармақшасы "уәкілетті органның" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақ "уәкілетті органға" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 60-3-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі "орган" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөлікте:

"киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органы мен ұлттық қауіпсіздік органдарының бірінші басшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жоспарына" деген сөз "жоспарларына" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

"орган" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

үшінші бөлік "органның" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші абзац "орган" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) аса маңызды цифрлық объектілер меншік иелерінің, иеленушілерінің Қазақстан Республикасының киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтары анықталғаны туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдары лауазымды адамының баянаты болған;"

5-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы "органның" деген сөзден кейін " және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың 1) және 2) тармақшалары "органның" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың үшінші бөлігі "орган" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақтың бірінші абзацы "органның" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақта:

екінші бөліктегі "басшысының" деген сөздер "мен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары басшыларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік "орган" деген сөзден кейін "мен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтың бірінші бөлігі "органның" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақтың екінші бөлігі "орган" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

16-тармақ "уәкілетті органға", "уәкілетті орган" деген сөздерден кейін тиісінше ", Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына", ", Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

17-тармақ "уәкілетті органның" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

17) мынадай мазмұндағы 61-1-баппен толықтырылсын:

"61-1-бап. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы офтейк-келісімшарттар

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік заңды тұлғалар және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар отандық цифрлық өнімдер мен киберқауіпсіздік технологияларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оларды дамыту мақсатында киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы цифрлық өнімдер мен технологияларды әзірлеуге және жеткізуге арналған офтейк-келісімшарттарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жасасуға құқылы.

Өнім беруші офтейк-келісімшарт бойынша киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы технологияны немесе цифрлық өнімді құруға және ендіруге міндетті, ал тапсырыс беруші мұндай өнімді шартта көзделген бағамен, көлемде, мерзімдерде және талаптарда сатып алуды қамтамасыз етуге міндетті.

Әзірлеуші жасалған офтейк-келісімшарттарды қаржыландыруды тарту кезінде қамтамасыз ету (кепіл) ретінде пайдалануға құқылы."

45. "Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

6) тармақшадағы "киберқауіпсіздігі" деген сөз "ақпараттық қауіпсіздігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "киберқауіпсіздігі" деген сөз "ақпараттық қауіпсіздігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

46. "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттандыру объектісі", "автоматтандырылған ақпараттық жүйеде", "автоматтандырылған ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесінің", "автоматтандырылған ақпараттық жүйені", "автоматтандырылған ақпараттық жүйенің" деген сөздер тиісінше "цифрлық объект", "цифрлық жүйеде", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесінің", "цифрлық жүйені", "цифрлық жүйенің" деген сөздермен ауыстырылсын.

47. "Өнеркәсіптік саясат туралы" 2021 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-1-баптың 8) тармақшасы алып тасталсын;

2) 51-2-баптың 1-тармағындағы "бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнімдерінің" деген сөздер "цифрлық объектілердің" деген сөздермен ауыстырылсын.

48. "Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы" 2022 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

20-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі 8) тармақшасындағы "жүргізуді жүзеге асырады." деген сөздер "жүргізуді;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) топографиялық-геодезиялық, картографиялық, аэрофототүсірілім жұмыстары материалдарының белгіленген мемлекеттік немесе жергілікті координаттық есептеу жүйесіне сәйкестігіне сараптама жүргізуді жүзеге асырады."

49. "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" 2023 жылғы 12 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 9) тармақшасы "моноқалалар" деген сөзден кейін ", шағын қалалар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 15-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "цифрлық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинетіне;"

50. "Жылу энергетикасы туралы" 2024 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйелерге", "ақпараттық жүйесінің", "ақпараттық жүйесімен", "ақпараттық жүйесін" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйелердің", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық жүйесінің", "цифрлық жүйесімен", "цифрлық жүйесін" деген сөздермен ауыстырылсын.

51. "Жасанды интеллект туралы" 2025 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 5) тармақшасындағы "ақпараттандыру объектісі" деген сөздер "цифрлық объект" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 13-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы "ақпараттандыру объектілерін" деген сөздер "цифрлық объектілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 17-баптың 1-тармағында:

екінші бөліктегі "ақпараттандыру объектілерін" деген сөздер "цифрлық объектілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

"Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне" деген сөздер "Аса маңызды цифрлық объектілерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"электрондық ақпараттық ресурстарды" деген сөздер "цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ақпараттық қауіпсіздікті" деген сөздер "киберқауіпсіздікті" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 20-баптың 1-тармағындағы "ақпараттық жүйелер" деген сөздер "цифрлық жүйелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 28-баптың 1-тармағындағы "ақпараттандыру туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына" деген сөздер "цифрлық заңнамасына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап.

1. Осы Заң:

1) 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9-тармағын, 25-тармағының 1) тармақшасын және 45-тармағын;

2) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 39-тармағы 3) тармақшасының тоғызыншы, он үшінші және он төртінші абзацтарын, 14), 18), 19), 20) және 21) тармақшаларын, 40-тармағының 1) тармақшасын және 2) тармақшасының екінші абзацын, 43-тармағының 1) және 5) тармақшаларын;

3) 2029 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағын, 11-тармағының 4) тармақшасын, 33-тармағының 6) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 33-тармағының 5) тармақшасы 2029 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады деп белгіленсін.

3-бап. Осы Заңның 1-бабы 25-тармағы 3) тармақшасының бесінші және алтыншы абзацтарына сәйкес "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесіне қосылған байланыс операторлары 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін өздерінің байланыс желілерін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайтын тәртіппен порттық сыйымдылықты жалдау арқылы қосуды қамтамасыз етуге міндетті.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ